

"Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 365 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2026 жылғы 25 мамырдағы № 122 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 25 мамырда № 38780 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 365 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11043 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Теміржол көлігі туралы" Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 2-тармағының 34-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидалардағы ұғымдар Қазақстан Республикасының "Теміржол көлігі туралы" және "Күзет қызметі туралы" заңдарында айқындалған мағынада пайдаланылады" .";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жүктерді күзетуді "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер жүргізеді." .";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Әскерилендірілген теміржол күзеті үздіксіз күзетті қамтамасыз ету мақсатында транзиттік теміржол жүк тасымалдарын жүзеге асыруға тартылған

терминалдардың аумақтарында үшінші тұлғаларға жүктер мен теміржол көлігі объектілерін күзету бойынша қызметтер көрсетеді.

Бұл ретте әскерилендірілген теміржол күзеті деп акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке немесе Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, тасымалдау процесінде пайдаланылатын жүктер мен теміржол көлігі объектілерін күзетуді қамтамасыз ететін заңды тұлға түсініледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жол жүру жолындағы жүктерді күзетуді атыс қаруымен қаруланған бір және одан көп күзетші бейнебақылау жүйелерін, спутниктік мониторингті және ұшқышсыз ұшу аппараттарын қоса алғанда, күзеттің техникалық құралдарын қолданумен ұштастыра отырып жүзеге асырады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Әскерилендірілген күзетуге жататын жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдау құжаттарын ресімдеу ерекшеліктері Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 2 тамыздағы № 612 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19188 болып тіркелген) бекітілген Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларымен айқындалады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Жүктері бар вағондарды күзету кезінде наряд "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес қаруды және арнайы құралдарды қолданады".";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Теміржол көлігімен тасымалданатын жүктерді күзетуді жүзеге асыру үшін күзет қызметінің субъектісі диверсиялық және террористік қатерлерден күзетілетін объектілердің қорғалу деңгейін арттыру, теміржол көлігіндегі құқыққа қарсы актілерді анықтау және олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және орындалуын қамтамасыз етеді және оларды "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіседі".".

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі

Н. Сауранбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК